

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру мен ТМД мемлекеттерінің Қорғаныс одағына бірігу ниетін қолдау да қарастырылған. Сонымен қатар Орталық Азияға байланысты Ресей саясаты 2000 жылғы Ресей Федерациясының сыртқы саяси концепциясында көрсетілген [4]. Бұл құжатта ОА өңіріндегі АҚШ рөлінің күшеюі, орталық азиялық бағыттағы саясаттың тек кешенді тұрғыдан, яғни Ұжымдық қауіпсіздік келісімінің ұйымы (ҰҚКҰ), ЕурАзЭҚ және Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) мүмкіндіктерін қосқанда сәтті болады делінген. Сонымен қатар, Қазақстан Ресейдің басты стратегиялық серіктесі ретінде анықталды. Себебі, Қазақстан өңірдегі интеграциялық үдерістер саласында жетекші рөл атқарып отыр. Ресей Федерациясының Президенті болып Д. Медведев сайланғаннан кейін, ол 2008 жылы өзінің жаңа сыртқы саяси концепциясын ұсынды [5]. Бұл концепцияда да Орталық Азияға қатысты саясатты ТМД мемлекеттеріне байланысты бөлімде және ҰҚКҰ аясындағы саясатты анықтау барысында көруге болады. Осыдан Ресей саясатындағы ОА мемлекеттері ТМД-нан бөлінбейді, ТМД-ға байланысты саясат неғұрлым өзекті болса, ОА-ға байланысты саясат соғұрлым өзекті болып табылады. Аталған құжатта ТМД мемлекеттерімен екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты нығайту приоритеттік бағыт болып белгіленді. Ауғаныстаннан келетін нашақорлық, лаңкестік қауіптерді жою мен Орталық Азияда жағдайдың тұрақсыздануының алдын алу – Ресейдің алғашқы кезектегі міндеттер болып анықталды [6]. Көпжақты ынтымақтастық Ресей мен Орталық Азия мемлекеттері арасында ТМД, ШЫҰ және ҰҚКҰ аясында жүргізіледі. Сондықтан аталған ұйым шеңберінде қабылданған келісімдерді қарастыру барысында ынтымақтастықтың бағыттары мен басымдылықтарын анықтауға болады.

Қорытындылай келе, Ресей Орталық Азияда тұрақтылықты сақтап тұруды және ондағы өзінің үстемдігінің артуын көздейді. Өңір Ресейдің маңызды кеңістігі ретінде қабылданғандықтан мұндағы буферлік қызметтің бәсеңдемеуі мен басқа мемлекеттердің позицияларының күшеюіне жол бермеу мақсаттары алға қойылып отыр. Жалпы алғанда, Ресей мен Орталық Азия мемлекеттерінің саяси-әскери ықпалдасуы Таяу Шығыс, Орталық Азиядағы саяси тұрақтылықтың бірден – бір кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Еуразиялық интеграция шежіресі <http://e-history.kz/kz/contents/view/2061>
2. Концепция внешней политики РФ. 23.04.1992// <http://www.mid.ru>.
3. Указ Президента РФ «Об утверждении стратегического курса Российской Федерации с государствами-участниками Содружества независимых государств» от 14 февраля 1995 года // <http://kremlin.ru>.
4. Концепция внешней политики Российской Федерации. 28.06.2000// <http://www.mid.ru>
5. Концепция внешней политики Российской Федерации. 2008// [http:// www.mid.ru](http://www.mid.ru)
6. Шкапак О.Н. Концепции внешней политики Российской Федерации 1993, 2000 и 2008 годов: сравнительный анализ// Вестник КазНУ Серия международных отношений и международное право. - Алматы, 2011. - №5(55). - С.9-13

ӘОЖ 325.1

ЕУРОПАДАҒЫ МИГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: САЛДАРЫ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Нурманова Айткуль Аскаровна

nurmanova-aitkul@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің Аймақтану кафедрасының ІІ курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Гүлнар Қосаевна

Қазіргі таңда дамушы жаһанданудың айқын көрінісі - болмаған миграциялық қозғалыстардың белсенділік таныту мәселесі болып табылады. XX ғасырды «Екінші

халықтың ұлы қоныс аударуы» деп бекер айтпаған. Себебі бүкіл заманауи әлем қозғалысқа келіп, миграция мәселесі ойға қонымсыз сипатқа ие болды.

Еуропа - иммигранттар үшін тартымды орталықтардың бірі. Еуропалық Одақ елдерінде барлығы 23 млн. мұсылман диаспорасы бар және олардың саны жылдан-жылға ұлғаяуда. Миграция әсерінен Еуропаның қазіргі кезде күрделі жағдайды бастан кешіріп жатқаны анық байқалады. Мұсылмандар миграциясы мәселесіне тап болған Еуропада елеулі өзгерістер орын алды. Бұл Еуропа тарихындағы ең ауқымды өзгерістердің бірі деп айтса болады [1].

Еуропадағы мұсылман миграциясы мәселесі араб әлеміндегі көтерілістерден кейін жаңа күшке ие болды. 2010 жылы Тунисте бастау алған бұл көтерілістер бүкіл араб әлемінде жағдайды өзгертіп қойған жоқ, сонымен қатар, Еуропаға тікелей әсер етті. «Араб көктемі» миграция толқынына алып келді. Мыңдаған босқындар пана іздеп Еуропаға ағылды. Бұл онсыз да дағдарысты бастан кешіріп отырған Еуропа үшін ауыр соққы болды. Әрине, бірінші кезекте Италия, Грекия, Испания елдері Африкаға жақын орналасуына байланысты жапа шекті. Италия мен Испанияға Магриб елдері халықтарының қоныстануы келесідей факторлармен байланысты: 1) географиялық орналасу; 2) мемлекеттердің саясаты 3) экономиканың көлеңкелі секторының дамуы 4) қара жұмыс күшіне сұраныстың жоғары болуы.

Сарапшылардың айтуы бойынша көшіп-қонудың басты себебі – экономикалық, яғни еңбек жағдайы мен әлеуметтік қамтамасыздандыру үшін қолайлы жағдайды қалыптастыру. Экономикалық себептермен қатар экологиялық және саяси мәселелер де жүреді. Экологиялық себептерге қоршаған ортаның жойқын өзгерістерін жатқызуға болады. Айқын мысал ретінде, 2011 жылы орын алған жойқан апаттардан кейін, жапондықтардың Ресей, Батыс Еуропа, Латын Америкасына қоныс аударуын жатқызуға болады. Саяси себептерге байланысты болған миграция қатарына: Пиночета режимін орнатқаннан кейінгі халықтың қоныс аударуы, Ресейде 1917 жылдың қазан айында орын алған төңкерісінен кейінгі көшіп-қону мәселесі және де Сириядағы тұрақсыздыққа байланысты Еуропаға босқындардың ағылу процесін жатқызамыз [2].

Азаматтық соғыс болсын, халықаралық соғыс болсын, оның әрқашанда себебі болады. Сириядағы себеп – геосаяси себеп. Сирия – Түркия, Ливан, Ирак, Израиль мен Иорданияның ортасында орналасқан аса маңызды плацдарм. Друздық әскери лидер Салим Хатум мынадай ой айтқан: «сектанттық және трайбалистік әсерлердің тарауынан Сирияға азаматтық соғыс қаупі төніп тұр». 2011 жыл «араб көктемі» басталды. Бастауын Тунистен алған көтерілістер тізбегі араб елдерін бірінен кейін бірі жаулады. Бір уақытта бірнеше араб елін шарпыған бұл көтеріліс жемісін тез берді. Тунисте абсолютті көсем Бен Алидің биліктен аластатылуы, Египетте Хосни Мұбарактың да кетуі, Ливиядағы Муаммар Каддафидің өлтірілуі, Йемен президенті Али Абдалла Салехтің өз еркімен кетуі араб «көктемінің» иісін Сирияға да жеткізді. Алғашында тек үкіметке қарсы акция болып басталған митинг, кейін келе азаматтық соғысқа ұласты. Ең алғашқы толқулар 2011 жылдың 26 қаңтарында басталды. Кейіннен 15 наурызда жаппай наразылық шерулердің басталуына келді. Бұл шерулер ел президенті Башар Асадқа қарсы бағытталған бүкілхалықтық көтеріліске алып келді. Бес жыл бойы жалғасын тауып келе жатқан Сириядағы соғыстың салдары орасан зор. Біріншіден, елдің экономикасы одан бетер құлдырады. Екіншіден, 250 мыңнан астам адам қаза тапты. Үшіншіден, 4 миллионға жуық сириялықтар үй-күйсіз қалып, басқа елдерде босқын болып жүр. Төртіншіден, Сирияның халықаралық аренадағы абыройының түсуі [3].

Бүгінде 4 миллион адам Сириядағы дағдарыс кесірінен үйлерін тастап, босып кетті. Бұл туралы Италияда іссапармен жүрген БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мун мәлімдеді. Оның айтуынша, дағдарыс пен соғыстан қашқан жұрттың нөпірінен әсіресе көршілес Ливан, Иордания, Түркия мен Ирак аса қатты зардап шегуде. Әлемдік сарапшылардың пайымдауынша, қазіргі кезде Ливан тұрғындарының төрттен бірі сириялық босқындар екен. Елдің берекесі кеткен, биліктің халықты ұстап тұруға қауқары жете бермейді. Осының салдарынан 2 миллион тұрғын шұғыл гуманитарлық көмекке мұқтаж. Тағы жарты миллионнан астамы кәрі құрлық елдерінен саяси баспана сұрауға мәжбүр болып отыр.

Жалпы, Еуроодақта мигранттарға қатысты туындаған ахуал Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең күрделі дағдарыстардың біріне айналуға. БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мун: «Бүгінде дүниені дүрбелеңге салған қаржы дағдарысы Сирия секілді елдерді қажытып тастады. Мемлекеттің халықты тұрмыстық қажеттілікпен қамтамасыз етуге қауқары да, қаржысы да жоқ. Жалпы, статистикалық дерекке сүйенсек әлемдегі 60 миллион адамды елін тастап, «кәрі құрлықты» кезіп жүрген босқын деуге болады», – деді [4].

«Орналастыру механизмі аясында бүгінгі таңда Еуропалық одаққа мүше 15 ел баспана сұрағандарға көмектесуге дайын екендерін білдірді. Келімсектерді орналастыруға қажет болатын 160 мың орынның 2314-і пайдалануға дайын», – деді Еурокеңес өкілі. Қоғамдастық жетекшілері Брюссельдегі әр мәлімдемелерінде ЕО-ға мүше елдерді миграциялық дағдарысты шешу мақсатында қосымша қаражат бөлудегі өз міндеттемелерін орындамайды деп айыптауда. Соңғы кездесулердің бірінде Еурокомиссия төрағасы Жан-Клод Юнкер атап өткендей, ЕО елдері миграциялық бюджетке 2 млрд. доллардан астам қаражат бөлулері қажет екен, алайда оны орындамай келеді.

Ал мигранттар мәселесі Венгрия мен Хорватия арасындағы қарым-қатынасты тоқтатты. Қазіргі таңда Венгрия билігі хорватиялықтар үшін шекарасын тас қылып жауып тастады. Бұл – елге ағылып келіп жатқан мигранттардың қарасына төтеп беру үшін жасалған шара. Есесіне билік шекарада екі транзиттік аймақ құрғаны туралы мәлімдейді. Мұнда мемлекеттен саяси баспана сұрағысы келген босқындар еш кедергісіз тіркеуге тұра алады. Айта кетейік, қыркүйектің ортасында Венгрияда жаңа көші-қон ережелері күшіне енген-ді. Сондықтан да ел аумағына заңсыз өткен келімсектер шұғыл түрде қамауға алынып, қылмыстық жауапкершілікке тартыла бастады. Ресми деректерге сүйенсек, жыл басынан бері бұл елге 383 мың босқын бас сауғалап келген екен.

Миграциялық дағдарыс Германия мемлекетіне орасан зор ықпалын тигізді. Ресми болжамға сәйкес, 2016 жылы Германияда 800 мыңға жуық мигранттар тіркеледі. Германияның канцлері Ангела Меркель қылмыс жасаған мигранттардың депортациясын жеңілдету үшін шаралар қолданатынын атап өткен. Бұндай мәлімдеме жаңа жыл түні қарсаңында орын алған 121-ге жуық зорлау әрекеттері мен тонау кезінде жасалған болатын. Қылмысты Сирия, Таяу Шығыс елдері және Солтүстік Африка елдерінен шыққан азаматтар Кельнск соборының маңында жасаған. Немістердің көбісі, 81%-ы, Ангела Меркель Германияда қалыптасқан жағдайда бақылауды жоғалтып алды деген ойда.

Польшаның үкімет басындағы жаңа билігі қандайда болмасын мигранттарды қабылдаудан бас тартты. Бұл туралы мемлекеттің премьер министрі Беато Шидло мәлімдеген болатын. Біршама уақыт бұрын Польша Еуроодақпен келісімге келе отырып, Италия мен Греция территориясында орналасқан уақытша лагерлердегі 7000 мың адамды қабылдауға келісімін берді. Польша үкіметінің пресс-хатшысы Рафал Бохенек мұндай шешімді қабылдауға Брюссельде орын алған террористік актілер мәжбүрледі. «Таяу Шығыстан келетін мигранттарды теексеруге бағытталған жүйе қалпына келмегенше, Еуроодақ мемлекеттері арасында мигранттардың орын ауыстыруы туралы сөз қозғау қиын», – деп мәлімдеді Рафал Бохенек.

Еске салайық, 22 наурызда таңғы уақытта Брюссель әуежайында екі жарылыс болды. Бельгия билігі жарылғыш заттардың бірін өлімші лаңкес іске қосқан болуы мүмкін деп есептейді. Үшінші жарылыс Мальбек метро станциясындағы вагонда болды. Салдарынан кем дегенде 34 адам қаза тапты, 200-ге жуық адам зардап шекті. Брюссельдегі терактіге Қазақстанда тыйым салынған ДАИШ лаңкес ұйымы жауапкершілік алды.

Сирия мен Ирактан қашуға мәжбүр болған халықтың 10%-ға ғана Еуроодақ мемлекеттеріне келіп жетті. Еуропа алдағы уақытта жаңа және одан да үлкен босқындардың толқынын күтуде. Бұны Германияның экономика саласында ықпалдастық пен даму шаралары бойынша жауапты министрі жақында Bild am Sonntag газетіне берген сұхбатында мәлімдеген болатын. Қазіргі таңда 8-10 млн-ға жуық адам Еуропаға жол жүрейін деп жатыр. ТАСС-тың айтуы бойынша: «Қазір осы жерге келіп, қоныстанып жатқан адамдар бірнеше жылдың маңайында су мен электр желісі жоқ шатырлы қалашықтар мен

жертөлелерде өмір сүріп келді». Сонымен қатар, Герд Мюллердің болжамы бойынша Еуропаны миграциялық дағдарыс шарпып өтеді. Босқындардың осындай үлкен көлемде Еуропа мемлекеттеріне қоныс аударуын Африкада халықтың екі есеге өсуімен байланыстырады. «Бұл дағдарыстан аман есен шығу үшін халықаралық дамудың жаңа кезеңіне өту керек», - деп мәлімдеді саясаткер. «Ұялы телефондар заманында барлық әлем біздің әл-ауқатымыз бен өмір сүру жолымыз туралы біледі. Біз қойған шектеулерге мән бермей, адамдар бұдан әрі келуге рұқсат сұрамайды», - деп Мюллер атап өткен болатын. Министр көлемі 10 млрд. долларға жететін еуропалық фонд туралы сөз қозғап, босқындарды қабылдаудан бас тартқан мемлекеттердің белсенді түрде қатысуын сұраған болатын. Spiegel басылымының мәліметі бойынша Түркия территориясы арқылы Еуропа бас ауған босқындардың көлемі бір миллионға дейін жетті.

Миграция бойынша халықаралық ұйымның айтуы бойынша, осы жылы 2015 жылдағыдай Еуропаға қоныс аударған босқындар мен мигранттардың саны бір миллионға жетуі мүмкін. «Біз адамдарды өз Отанын тастап, басқа елге бас сауғалап кетуге мәжбүрлейтін елдегі экономикалық тұрақсыздықтың өзгергенін байқаған жоқпыз. Онда неге мигранттардың саны өзгеруі керек? Келетін мигранттардың саны миллионнан кем болмайды.», - деп мәлімдеді миграция бойынша халықаралық ұйымның ресми өкілі. Алдыңғы жылы, МХҰ-ның жариялаған мәліметтері бойынша Еуропа мен Жерорта теңізіне келген босқындардың саны 1 млн. 4 мың 356 адамды құраған болатын. 2014 жылғы деректермен салыстырғанда мигранттардың саны 4 есеге көбейді. Бұл тенденцияның өзгеруі Сириядағы әскери шиеленістің шешілуін қажет етеді. «Егер ертең Сириядағы әскери әрекеттер тоқтап, жергілікті халық тастап кеткен үйлеріне қайтқысы келсе, әлемде үлкен өзгерістер орын алады», - деп атап өтті Миллман. Алайда өкінішке орай Сирия мен басқа мемлекеттердегі жағдай тұрған орнынан қозғалған жоқ. Шекара арқылы Грециядан Македонияға өтіп бара жатқан босқындар мен мигранттардың 91%-ын Сирия, Ауғанстан, Ирак мемлекеттерінен шыққандар құрайды. Осы жылғы миграцияның өсу қарқыны бұрынғы жылға қарағанда жоғары. Мигранттар арасында қайтыс болған адам санының көп болуы Мигранттар бойынша Халықаралық ұйымды алаңдатууда. Түркиядан Грецияға теңіз арқылы кішкентай қайықпен өту бір немесе екі сағатты алады. Осыған қарамастан жылдың басынан бері Жерорта теңізінде 370-ке жуық адам қайтыс болды. Еуропада орын алған миграциялық жағдайдың осы жылғы ерекшелігі – мигранттарға деген қатал қарас [5].

2015 жылды қорытындылай келе, Еуроодақ мемлекеттері миграциялық мәселелерді шешу жолында шыдамдылық танытып, босқындарға көмек қолын созған болатын. Миграция мәселелері бойынша барлық еуропалық мемлекеттер оларды қанағаттандыратын біріңғай бітімге келеді деген үміттемін. Босқындар мен мигранттардың осындай үлкен көлемде қоныс аударуы нәтижесінде Еуропа мемлекеттері тап болған қиыншылықтарға қарамастан, миграция – әлемдік экономика үшін пайдалы нәрсе. Менім ойымша адамдар өз өмірімен не істеуге болатынын және өмірінде орын алған проблемаларды қалай шешу керектігін өзі біледі. Егер де адамдар мен олардың отбасыларына табиғи апаттың немесе азаматтық соғыстың әсерінен қауіп төнсе және де мемлекет тарапынан көмек қолы созылмаған жағдайда, олар өз үйлерін қалайда тастап кетеді. Мигрант қалаған жерде үй салуға болмайды, бірақ бұл оларды кіргізуге болмайды дегенді білдірмейді. Олар міндетті түрде денсаулық сақтау шаралары мен білім алуға құқылы деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Galkina E.V. Osobennosti migratsionnykh processov v stranah Yunoі Evropy v 80-90-h godah XX veka. http://rspu.edu.ru/pageloder.php?pagename=/structure/publishing_centre/collections_of_works/conf4/galkina
2. Гришанова А. Г. и др. Миграционный потенциал стран нового зарубежья: теоретические аспекты. М., 2005.
3. Muslims feel like victims. The West feels guilty. Is the world going mad? // The Times.- 2006.- 1 September.

4. <http://www.inform.kz/kaz/article/2815212>
5. "Жас қазақ" газеті, Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ, философ-публицист.

УДК 327.821(73):(51)

ОРТАЛЫҚ АЗИЯҒА ҚАТЫСТЫ «ЖҰМСАҚ КҮШ» САЯСАТЫ: АҚШ ДИПЛОМАТИЯСЫ

Омаш Салима Болатқызы

salima.omash@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – П.Қилыбаева

Заманауи әлемде күш қолдану, әсіресе, әскери күшті қолдану белгілі себептерге байланысты шектелуде, мысалы: күш қолдану шиеленістердің күтпеген ушығуына алып келуі мүмкін; соғыстың көнерген әдістерін пайдалану барысында жоғары дәлдіктегі қаруды пайдалану жеңісті қамтамасыз етпейді; соғыс қимылдары аяқталғаннан кейін зардаптарды реттеу де мәселе тудырады және т.б. Әскери күш қолдану әсер ету арсеналынан түпкілікті жойылмаса да, әсер ету саласы әлемдік саясатта елеулі өзгерістерге ұшырады [1]. Осыған байланысты «жұмсақ күш» мүмкіндіктері ерекше қызығушылық тудырады.

Дж. Най «жұмсақ күш» дегенде белгілі бір жағдайлар, құбылыстар немесе іс-әрекет қалпына және т.с.с. байланысты тартымдылықты айтады [2, 96]. Бұл тұрғыда, тартымдылық үлгісі мәжбүрлеу және күшпен бағындыру әдістеріне қарсы келеді. «Жұмсақ күш» пен «қатты күшті» салыстыру мақсатында Дж. Най өз еңбектерінің бірінде идеясын графика түрінде көрсетті. Екі күш бір-біріне қрама-қарсы болса да, бір сызықтың бойында орналасып, континуум құрайды, яғни бірінің бірі жалғасы болып табылады (1 сурет) [3].

«Жұмсақ күш» әсер ету құралы ретінде белсенді түрде ХХІ ғасырда қолданыла бастады, бірақ әр мемлекеттің бұл саясатты қолдану себептері әрқандай. АҚШ үшін маңызды бетбұрыс сәті 2001 жылы 11 қыркүйектегі лаңкестік әрекеттері болды. Американдықтардың алдында сол мезетте шетелдерде, әсіресе, мұсылман әлемінде, өз мемлекетінің жағымды бейнесін қалыптастыру міндеті тұрды.

1 сурет: «Жұмсақ күш» пен «қатты күшті» салыстыру

КҮШ		
Әрекет ету спектрі	Қатты	Жұмсақ
	Мәжбүрлеу Ынталандыру Бұйыру тәсілі 	Мақсатты Тартымдылық анықтау Ынтымақ- тастық
Мүмкіндігі жоғары ресурстар	Күш көрсету Төлемдер мен паралар әдістері, санкциялар	Институттар Құндылықтар, мақсат, мәдени ержелер

Орталық Азия аймағы әлемдік жетекші акторлардың қызығушылығын тудыруда. Аймақтың геосаяси орналасуы, энергоресурстық шикізаттарға бай болуы, сыртқы күштердің тартылуына ықпал болуда. Алайда, аймақтағы мемлекеттерде саяси тұрақтылық мәселесі,